

**«Университеттегі харассмент» тақырыбы бойынша сауалнама талдауы
2025–2026 оқу жылы**

Өткізу күні: 2025 жылғы қазан

Зерттеу аудиториясы: 1–4 курс студенттері

Респонденттер саны: 2732 студент

Мақсаты: университеттегі харассмент туралы хабардар болу деңгейін, оған деген көзқарасты және осындай жағдайлардың кездесулерін анықтау.

1. Респонденттердің жалпы сипаттамасы

Сауалнамаға 2732 студент қатысты, олардың ішінде:

1 курс — 1289 адам (47,2%)

2 курс — 1048 адам (38,3%)

3 курс — 287 адам (10,5%)

4 курс — 108 адам (3,9%)

Факультеттер бойынша:

ФПТ — 1178 (43,1%)

ФЭиБ — 613 (22,4%)

ФДТТиО — 427 (15,6%)

ФИиИТ — 394 (14,4%)

Осылайша, сауалнамаға ең көп қатысқан — техникалық бағыттағы студенттер (ФПТ).

2. Харассмент жағдайларымен кездесу тәжірибесі

Сұрақ	Жауап	
	Иә	Жоқ
АТУ-ға түспей тұрып, сіз харассмент жағдайларына тап болдыңыз ба?	272 (10%)	2462 (90%)
Университетте оқытушылардың немесе қызметкерлердің тарапынан харассмент жағдайларына тап болдыңыз ба?	205 (7,5%)	2529 (92,5%)
Оқытушылар мен студенттер арасында харассмент жағдайлары туралы естідіңіз бе?	275 (10%)	2459 (90%)

Көпшілік студенттер жеке өздері харассмент жағдайына тап болмағанына (92,5%) қарамастан, әр он үшінші студент мұндай жағдайлар туралы хабарлаған. Сонымен қатар, студенттердің 10%-ы осындай оқиғалар туралы естігенін айтқан, бұл жекелеген эпизодтардың бар екенін және жүйелі түрде профилактикалық жұмысты күшейтудің қажеттілігін көрсетеді.




3. Реакция және жүгіну деңгейі

Сұрақ	Жауап	
	Иә	Жоқ
Харассмент фактілері туралы университет қызметкерлеріне хабарлаған ба едіңіз?	187 (6,8%)	2547 (93,2%)



Сұрақ	Жауап		
	Көмек көрсетілді	Шағым еленбеді	Жағдайлар болған жоқ
Сіздің харассмент фактісі бойынша шағымыңызға қызметкер қалай жауап берді?	210	163	2343



Көптеген студенттер харассмент жағдайлары туралы хабарламайды. Бұл келесі себептерге байланысты болуы мүмкін: әкімшіліктің реакциясына сенімсіздік, құпиялылықтың сақталатынына күмән, салдарынан қорқу. Сонымен қатар, оң көрсеткіш бар — 210 студентке көмек көрсетілгенін атап өтті, бұл университетте қолдау тетіктерінің бар екендігін білдіреді.

4. Студенттердің көзқарасы мен хабардарлығы

Сұрақ	Жауап	
	Иә	Жоқ
Кімге жүгіну керектігін біледі	1432 (52,4%)	1302 (47,6%)
Харассмент жағдайында көмек сұрауға дайын	1543 (56,5%)	1189 (43,5%)
Тақырып бойынша семинарға қатысқысы келеді	594 (21,7%)	1377 (50,4%)

Студенттердің жартысына жуығы харассмент жағдайында қайда жүгіну керектігін білмейді. Ал студенттердің жартысынан көбі (56%) көмек сұрауға дайын екендігін білдірген, бұл – сенімнің оң көрсеткіші. 21% студент қосымша оқытуға қызығушылық танытқан, ал 27% жауап беруге қиналған. Бұл студенттердің хабардарлығының төмен деңгейін және ағартушылық жұмыстың қажеттілігін көрсетеді.



5. Мінез-құлық стратегиялары

Жауап нұсқасы	Саны	%
Маңыз бермеймін	373	13,6%
Мәселені өз бетімше шешемін	790	29%
Қызметкерлерден көмек сұраймын	1543	56,5%

Студенттердің жартысынан көбісі мәселені ресми арналар арқылы шешуге дайын, алайда шамамен 43% студент мәселені елемеуді немесе өз бетімен шешуді жөн санайды. Бұл жағдай харассментке нөлдік төзімділік мәдениетін дамытуға және психологиялық қолдау қызметтеріне сенімділікті арттыруға қажеттілікті көрсетеді.



Қорытынды: Өткізілген сауалнама АО «АТУ» студенттерінің харассмент көріністерімен тікелей кездесу деңгейінің салыстырмалы түрде төмен екенін және 7,5%-ды құрайтынын көрсетті. Дегенмен, тіркелген жағдайлар осы бағытта профилактикалық жұмыстарды жалғастыру қажеттілігін дәлелдейді.

Сауалнама нәтижелері студенттердің харассмент мәні туралы хабардарлығы және осындай жағдайларға реакция жасауға дайындық деңгейінің жеткіліксіз екенін көрсетеді. Студенттердің шамамен жартысы осындай жағдай туындаған кезде қайда жүгінетінін білмейді, бұл профилактика және қолдау жүйесінің тиімділігін төмендетеді.

Сонымен қатар, әр бесінші қатысушы хабардарлықты арттыруға бағытталған оқыту семинарлары мен іс-шараларға қатысуға дайын екенін білдірді. Бұл топ университеттің ағартушылық бағдарламаларын жүзеге асырудағы мақсатты аудитория бола алады.

Жалпы, харассменттің алдын алу тақырыбында профилактикалық және ақпараттық жұмысты күшейту ұсынылады, әсіресе төменгі курс студенттеріне ерекше көңіл бөлу қажет. Сондай-ақ, оқытушылар мен кураторлардың қатысуын кеңейту, оқу ортасында сыйластық пен қауіпсіз қарым-қатынас мәдениетін қалыптастыру іс-шараларына тарту маңызды.